

ТЕОРИЯ И ИСТОРИЯ ГОСУДАРСТВА И ПРАВА

ӘОЖ: 340.141.(574)

У.А. АХАТОВ, Н.С. ТҰЯҚБАЕВА

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

ТҮРКІСТАН АССР-інің БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ ОРТАЛЫҚ АТҚАРУ КОМИТЕТІНІҢ ОРНЫ МЕН МАҢЫЗЫ

Аннотация

Мақалада 1918 жылы 30 сәуірде құрылған Түркістан Кеңестік Социалистік Республикасының басқару жүйесінде ерекше орны мен маңызы бар Орталық Атқару Комитетінің қалыптасуы мен қызметінің ерекшеліктері қарастырылады. Конституцияға сәйкес Түркістан АССР-інде жоғары билік жүйесін Түркістан Кеңестерінің съезді құраса, ол өз қызметін тұрақты негізде атқармай, съезд нысанында жүзеге асырылып жылына тек екі рет қана шақырылып отырды. Ал, қалған уақыт аралығында республикадағы жоғары билік Түркістан Кеңестерінің Орталық Атқару Комитетінің құзырына қарады. Түркістан Кеңестерінің Орталық Атқару Комитетінің құқықтық мәртебесі 1918 жылғы 30 сәуірде Түркістан Кеңестерінің V-ші аймақтық съездінде Түркістан Кеңестік Республикасын құру туралы қабылданған құқықтық құжатта көрініс тапты.

Тірек сөздер: басқару жүйесі, әкімшілік аумақ, республика, атқару комитеті, заң шығару қызметі.

Ключевые слова: system management, administrative area, the republic, the executive committee, legislative activity.

Keywords: система управления, административная территория, республика, исполнительный комитет, законодательная деятельность.

Түркістан өлкесінде кеңестік жүйенің орнап, одан әрі қарай дамуында Республика Кеңестерінің Орталық Атқару Комитетінің ролін ерекше атап өту қажет. Түркістан Республикасының маңызды ерекшеліктерінің бірі – оның көп ұлтты, күрделі мемлекет болуында. Көп ұлтты байтақ жерді алып жатқан аймақты басқару асқан шеберлікті талап ететіні сөзсіз.

Көп ғасырлар бойы Империялық Ресейдің ауылшаруашылық шикізат жеткізу өңіріне айналған аймақта Кеңестік жүйенің орнап, жаңа экономикалық, саяси және құқықтық реформалардың жүзеге асқаны баршаға мәлім. Аймақта көптеген уақыт бойы қалыптасқан басқару жүйесі де жаңадан орнаған билік жүйесінің ерекшеліктеріне сәйкес қалыптаса бастады. Бұрынғы Түркістан генерал-губернаторлығының негізінде құрылған Түркістан Кеңестік Республикасында жоғары және төменгі билік органдары кеңестік өкімет принциптеріне сәйкес рәсімделе бастады.

Конституцияға сәйкес Түркістан АССР-інде жоғары билік жүйесін Түркістан Кеңестерінің съезді құраса, ол өз қызметін тұрақты негізде атқармай, съезд нысанында жүзеге асырылып жылына тек екі рет қана шақырылып отырды. Ал, қалған уақыт аралығында республикадағы жоғары билік Түркістан Кеңестерінің Орталық Атқару Комитетінің құзырына қарады.

Түркістан Кеңестерінің Орталық Атқару Комитетінің құқықтық мәртебесі 1918 жылғы 30 сәуірде Түркістан Кеңестерінің V-ші аймақтық съездінде Түркістан Кеңестік Республикасын құру туралы қабылданған құқықтық құжатта көрініс тапты: «Высшим законодательным органом Туркестанской Федеративной Республики является съезд Советов рабочих, солдатских, крестьянских и мусульманско-дехканских депутатов, созываемый в первых числах декабря. Высшим постоянным законодательным органом является Центральный Исполнительный Комитет Советов Туркестанского края, избранный съездом из 36 человек. Исполнительные функции и

управление краем сосредоточиваются в Совете Народных Комиссаров, избранном съездом в количестве 16 человек» [1, 2 б.].

Түркістан Кеңестерінің съезді тиісті әкімшілік аумақтарда өздерінің өкілеттіктерінің шегінде Атқарушы Комитеттерді сайлайды. Елді мекендерде (ауылдарда) 5 адамға дейін, қалаларда 7 адамнан 15 адамға дейін (Ташкент қаласы – 40 адамға дейін), болыстарда – 10 дейін, уездерде – 20, облыс-округтерде – 25, және Республикада – 75 адамға дейін сайланды. Түркістан Кеңестерінің съездімен сайланған Атқарушы Комитет – Түркістан Кеңестерінің Орталық Атқарушы Комитеті деп аталды [2, с. 4].

Түркістан АССР-інің 1920 жылғы Конституциясына сәйкес Орталық Атқару Комитетінің құрылысы мен оның қарауына жататын мәселелер келесідей негізде өрбіді: «Ст. 35. Туркестанский Центральный Исполнительный Комитет Советов, в пределах настоящей Конституции, является Высшим законодательным, распорядительным и контролирующим органом Туркестанской Социалистической Советской Республики.

Ст. 36. Туркестанский Центральный Исполнительный Комитет Советов дает общее направление деятельности Рабоче-Крестьянского Правительства Туркестанской Республики, подчиненных и подведомственных ему органов Советской Власти, объединяет и согласует работы по законодательству и управлению и наблюдает за проведением в жизнь настоящей Конституции, постановлений Всероссийского и Туркестанского Съезда Советов, Всероссийского Центрального Исполнительного Комитета и Совет Народных Комиссаров РСФСР.

Ст. 37. Туркестанский Центральный Исполнительный Комитет Советов рассматривает и утверждает проекты декретов и предположения, вносимые Советом Народных Комиссаров или через него отдельными ведомствами, а также издает собственные декреты, приказы и распоряжения.

Ст. 38. Туркестанский Центральный Исполнительный Комитет Советов созывает Туркестанский Съезд Советов, которому представляет отчет о своей деятельности и доклады по общей политике и отдельным вопросам.

Ст. 39. Туркестанский Центральный Исполнительный Комитет Советов сообщает Всероссийскому Съезду Советов и Всероссийскому Центральному Исполнительному Комитету Советов для согласования и утверждения Конституцию Туркестанской Республики, вносимые в нее дополнения или изменения, а равно все постановления и решения затрагивающие интересы Российской Федерации.

Ст. 40. Туркестанский Центральный Исполнительный Комитет Советов для общего управления делами Туркестанской Республики образует Совет Народных Комиссаров и Народные Комиссариаты для руководства отдельными отраслями управления». [2, 8 б.].

Түркістан Кеңестерінің Орталық Атқару Комитеті (ТүркКОАК) Түркістан Халық Комиссарларының Кеңесінің қызметіне, заң шығарушылық және басқарушылық қызметтеріне жалпы басшылықты жүзеге асырды, сонымен бірге Жалпыресейлік және Түркістан Кеңестерінің съездері, Жалпыресейлік Орталық Атқару Комитеті мен РСФСР Халық Комиссарлары Кеңесінің қаулыларының және Түркістан АССР-інің Конституциясының жүзеге асырылуына бақылау жүргізіп отырды. Өз өкілеттігі шегінде декреттер, бұйрықтар мен өкімдер шығарды. ТүркКОАК Республика Кеңестерінің съездін шақырды, съездке өз қызметі жөнінде және маңызды сұрақтар бойынша жүйелі түрде есеп беріп отырды.

ТүркКОАК Түркістан Республикасындағы жалпы жұмыстарға басшылық жасау мақсатында Халық Комиссарларының Кеңесін (ХКК) құрды және де республика өмірінің кейбір салаларын басқару үшін – Халық Комитеттерін құрды. [3, 151-152 бб.].

Түркістан Кеңестерінің Орталық Атқару Комитеті өз қызметін жүйелі әрі тиімді жүзеге асыру мақсатында ТүркКОАК Президиумын құрды. 1920 жылғы Конституцияға сәйкес Президиумге келесідей өкілеттіктер берілді: «Ст. 44. Президиум Туркестанского Центрального Исполнительного Комитета Советов:

- а) руководит заседаниями ТуркЦИК.
- б) подготавливает материалы для заседания ТуркЦИК.
- в) вносит проекты декретов и приказов на рассмотрение Пленума ТуркЦИК.
- г) наблюдает за исполнением постановлений ТуркЦИК.

д) ведет сношения от имени ТуркЦИК.

е) является руководящим центром по инструктированию всей работы в центре и на местах.

ж) рассматривает ходатайства о помиловании и разрешает все другие вопросы, восходящие к нему в порядке управления». [2, 9 б.].

Аталған Конституция бойынша құрылған ТүркОАК Президиумы өз қызметін екі нысанда ұйымдастырды. Үлкен және Кіші Президиумдар құрылды. Кіші Президиумда 5 мүшеге болды, онда ағымдағы, әрі уақыт күттірмейтін мәселелер жедел, тез арада шешіліп отырды. Ал, Үлкен Президиум 20 астам мүшеден тұрды, онда күрделі мәселелер шешіліп отырды.

Қорыта келгенде, Түркістан Орталық Атқару Комитеті аймақта кеңестік өкіметтің қалыптасуында, елдің экономикалық, әлеуметтік дамуында үлкен рол атқарғанын, әрі күрделі уақытта елді тиімді басқара алғанын алға тартуымыз қажет.

ӘДЕБИЕТ

1 Положение о Туркестанской Советской Федеративной Республике // Наша газета. – 1918. – 5 мая. – № 89.

2 Конституция Туркестанской Республики Российской Социалистической Советской Федерации, принятая VI-м Туркестанским Съездом Советов от 15 октября 1918 года. – Ташкент, 1918. – 15 стр.

3 Уразаев Ш.З. Туркестанская АССР и ее государственно-правовые особенности. – Ташкент, 1958. – 325 стр.

REFERENCES

1 Polozhenie o Turkestanskoj Sovetskoj Federativnoj Respublike // Nasha gazeta. – 1918. – 5 maja. – № 89.

2 Konstitucija Turkestanskoj Respubliki Rossijskoj Socialisticheskoj Sovetskoj Federacii, prinjataja VI-m Turkestanskim S#ezdom Sovetov ot 15 oktjabrja 1918 goda. – Tashkent, 1918. – 15 str.

3 Urazaev Sh.Z. Turkestanskaja ASSR i ee gosudarstvenno-pravovye osobennosti. – Tashkent, 1958. – 325 str.

Резюме

В статье рассматриваются особенности формирования и деятельность Центрального Исполнительного Комитета, созданного 30 апреля 1918 года в Туркестанской ССР. В соответствии с Конституцией Туркестанской АССР верховную власть в Республике осуществлял съезд Советов Туркестана, который не осуществлял деятельность на регулярной основе, а созывался два раза в год. В иное время верховная власть принадлежала Центральному Исполнительному Комитету Советов Туркестана. Правовой статус Центрального Исполнительного Комитета Советов Туркестана был определен на V-ом съезде Советов Туркестана и отражен в правовом документе «О создании Туркестанской Советской Республики» от 30 апреля 1918 года.

Summary

This article discusses features of the formation and activity of the Central Executive Committee was created April 30, 1918 in Turkestan SSR. In accordance with the Constitution of the Turkestan ASSR supreme power is exercised by the Congress of Soviets of Turkestan which does not carry out any activity on a regular, and meets twice a year. At other times, the supreme power belonged to the Central Executive Committee of Soviets of Turkestan. Legal status of the Central Executive Committee Turkestan was determined on the V-th Congress of Soviets of Turkestan and was recognized legal document on the establishment of the Turkestan Soviet Republic from April 30, 1918.

АХАТОВ У.А.

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚазҰУ-дың МЕМЛЕКЕТ ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚ ТЕОРИЯСЫ МЕН ТАРИХЫ, КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ӘКІМШІЛІК ҚҰҚЫҚ КАФЕДРАСЫНЫҢ ПРОФЕССОР м.а., З.Ғ.К.

ТҮЯҚБАЕВА Н.С.

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚазҰУ-дың МЕМЛЕКЕТ ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚ ТЕОРИЯСЫ МЕН ТАРИХЫ, КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ӘКІМШІЛІК ҚҰҚЫҚ КАФЕДРАСЫНЫҢ ДОЦЕНТІ м.а., PhD ДОКТОРЫ

*Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
050040, Қазақстан Республикасы, Алматы, әл-Фараби даңғылы, 71*